Іс №2713-23-00-2/1950

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2023 жылғы 5 қыркүйектегі Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Хайруллина У.Е. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі ветеринария басқармасының «Сырым аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «ІВІ» Шәмшидін Айбар жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

А Н Ы Қ Т А Д Ы:

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі ветеринария басқармасының «Сырым аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жоғарыдағы талап қоюмен сотқа жүгінді, онда жауапкер «ІВІ» Шәмшидін Айбар жеке кәсіпкері шартта көзделген міндеттерін орындамағанын атап көрсеткен.

АПК-нің 277-бабының 1 тармақшасына сәйкес, сот егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Сотта анықталғандай, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша сәйкес жауапкер жеңімпаз аталған, тараптар арасында 2023 жылдың 14 шілдеде №71 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған.

Шарттың 3.1-тармағына сәйкес шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жауапкер 8 370 теңге мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізуге міндетті болған.

Шарттың 8.1-тармағында шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді деп көрсетілген, сондықтан шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын жауапкер 2023 жылдың 28 шілдеге дейін енгізуі міндетті болған, алайда жауапкермен бұл талап орындалмаған, себебі мемлекеттік сатып алу порталынан алынған мәліметке сәйкес жауапкермен шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы порталға енгізілмеген.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 44 бабының 1-тармағына сай, егер жеңімпаз деп танылған не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбесе, онда

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 05.09.2023

мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған, жеңімпаздар мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

Сондықтан талап қоюшыға жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу үшін уәкілетті органға жолдауы қажет.

Осыған орай, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі ветеринария басқармасының «Сырым аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «IBI» Шәмшидін Айбар жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою бойынша іс жүргізу өндірісі қысқартылуға негіз бар.

АПК-нің 277, 268-269-баптарын жетекшілікке алып, сот

Ұ Й Ғ А Р Д Ы :

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі ветеринария басқармасының «Сырым аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «IBI» Шәмшидін Айбар жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық ісі бойынша іс жүргізу өндірісі тоқтатылсын.

Сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейді.

Ұйғарым ол түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы жеке шағым беруге немесе прокурор апелляциялық өтініш келтіруі мүмкін.

Судья **У.Е.Хайруллина**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 05.09.2023